

Созақ ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 25 сәуірдегі N 176 "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Қағидасы туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 5 ақпандағы N 50 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 26 ақпанда N 14-12-86 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 451 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2011.12.21 № 451 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18-1-бабының 4-тармағына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Созақ ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 25 сәуірдегі "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Қағидасы туралы" № 176 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 14-12-59 нөмірімен тіркелген, 2008 жылғы 21 маусымда "Теріскей" газетінің 31 нөмірінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Қағидасында:

6-тармағының 3) тармақшасында "мәлімет берер күнге дейінгі соңғы бір айда төлем ақы қарызының жоқтығы туралы салық комитетінің анықтамасы" деген сөздер "салық төлеушінің тіркеу куәлігінің көшірмесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақта:

"қамтылуға тиіс" деген сөз "қамтылады" деген сөзбен ауыстырылсын;

20-тармақта:

"міндетті" деген сөз "тиіс" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі:

С.Әбдікүлов

